



**Халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның
баяндамалар жинағы
"ХАЛЫҚ ӨМІРІНІҢ ЖОҒАРЫ САПАСЫН ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ
ҚАУІПСІЗДІКТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДЕГІ МЕМЛЕКЕТТІК
АУДИТ"**

**Сборник докладов Международной научно-практической
конференции
«ГОСУДАРСТВЕННЫЙ АУДИТ В ОБЕСПЕЧЕНИИ ВЫСОКОГО
КАЧЕСТВА ЖИЗНИ НАСЕЛЕНИЯ И НАЦИОНАЛЬНОЙ
БЕЗОПАСНОСТИ»**

**Collection of reports of the International Scientific and Practical
Conference
"STATE AUDIT IN ENSURING HIGH QUALITY OF LIFE OF THE
POPULATION AND NATIONAL SECURITY"**

8 апреля 2022 года

УДК 336.1
ББК 65.052а73
С 23

Г Сборник докладов международной научно- практической конференции «Государственный аудит в обеспечении высокого качества жизни населения и национальной безопасности» = Collection of reports of the International Scientific and Practical Conference "State audit in ensuring high quality of life of the population and national security"= Халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның баяндамалар жинағы "Халық өмірінің жоғары сапасын және ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі мемлекеттік аудит". – Нұр-Сұлтан: - 277 б.

ISBN 978-601-337-664-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және профессор-оқытушылар құрамының халық өмірінің жоғары сапасын және ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жағдайындағы мемлекеттік аудиттің өзекті мәселелері бойынша баяндамалары кірді

The collection includes reports of students, undergraduates, doctoral students and teaching staff on topical issues of state audit in conditions of ensuring a high quality of life of the population and national security

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и профессорско-преподавательского состава по актуальным вопросам государственного аудита в условиях обеспечения высокого качества жизни населения и национальной безопасности

ISBN 978-601-337-664-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2022

СЕКЦИЯ 1 РОЛЬ ОРГАНОВ ГОУДАРСТВЕННОГО АУДИТА В УПРАВЛЕНИИ ЭФФЕКТИВНОСТЬЮ И ДОСТИЖЕНИИ ЦЕЛЕЙ УСТОЙЧИВОГО РАЗВИТИЯ

ТДМ-НЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ МӘНІ МЕН ОҒАН ҚОЛ ЖЕТКІЗУДЕГІ ЖАО-НЫҢ ЫҚПАЛЫ

Ануарбекова С.О.

«Мемлекеттік аудит» БББ 1 курс магистранты, Л.Н.Гумилев атындағы
Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан қаласы,
Қазақстан Республикасы

E-mail: anuarbekova.s@mail.ru

Ғылыми жетекшісі: Алибекова Б.А., э.ғ.к., доцент

Аннотация. «Ешкімді артта қалдырмау» деген ұранды алға тартатын Тұрақты даму саласындағы Біріккен ұлттар ұйымы 2015 жылы қабылдаған 17 мақсаттың адамзат пен әлем үшін маңызы өте үлкен. «ТДМ күн тәртібі-2030» құжаты Кешенді және бөлінбейтін сипаттағы әлеуметтік, экономикалық және экологиялық мәселелерді шешуді мақсат етіп қойды. Бағдарламаның өзектілігі оны әлемнің 193 мемлекеті қабылдағандығынан байқауға болады. ТДМ-ның басты ерекшелігі - мемлекеттің қаржы ресурстарын жұмылдыру, технологиялар мен деректерді, мекемелерді барынша тиімді ұйымдастыру мәселелеріне шоғырланғандығында. Бұл жерде, Жоғарғы аудит органдарының Тұрақты даму мақсаттарына қол жеткізу барысындағы қатысушы ретіндегі рөлі ерекше көрінеді. Автор мақалада Жоғарғы аудит органдарының Тұрақты даму мақсаттарына жетудегі мемлекет үшін маңыздылығын ашып көрсететін құжаттарды саралаған. Сонымен қатар, жоғарғы аудит органдарының халықаралық ұйымының ТДМ саласына қатысты қазіргі уақыттағы жұмыс ерекшеліктері атап көрсетілген. «ТДМ-ның аудиті» анықтамасы бойынша талқылаулар қарастырылып, авторлық анықтама ұсынылған.

Кілтті сөздер: Тұрақты даму мақсаттары, жоғарғы аудит органдары, жаһандану, Біріккен ұлттар ұйымы, ИНТОСАИ

Аннотация. 17 целей, принятых Организацией Объединенных Наций в области устойчивого развития в 2015 году, которые продвигают лозунг «никого не оставлять позади», имеют огромное значение для человечества и мира. Документ «Повестка дня ЦУР-2030» нацелен на решение социальных, экономических и экологических проблем комплексного и неделимого характера. Актуальность программы прослеживается в том, что она принята 193 государствами мира. Главная особенность ЦУР заключается в том, что государство концентрируется на вопросах мобилизации финансовых ресурсов, более эффективной организации технологий и данных, учреждений. Здесь особенно заметна роль высших органов аудита как участника в достижении Целей устойчивого развития. В статье автором проанализированы документы, раскрывающие значение высших органов аудита для государства в достижении

Целей устойчивого развития. Кроме того, выделены особенности работы международной организации высших органов аудита в настоящее время в сфере ЦУР. По определению «аудит ЦУР» рассмотрены обсуждения и представлено авторское определение.

Ключевые слова: Цели устойчивого развития, высшие органы аудита, глобализация, Организация Объединенных Наций, ИНТОСАИ

Abstract. The 17 goals adopted by the United Nations in the field of sustainable development in 2015, which promote the slogan "leave no one behind", are of great importance for humanity and the world. The document "SDG 2030 Agenda" is aimed at solving social, economic and environmental problems of a complex and indivisible nature. The relevance of the program can be traced in the fact that it has been adopted by 193 countries of the world. The main feature of the SDGs is that the state concentrates on the issues of mobilizing financial resources, more efficient organization of technologies and data, institutions. The role of the supreme audit institutions as a participant in achieving the Sustainable Development Goals is particularly noticeable here. In the article, the author analyzes the documents revealing the importance of the supreme audit institutions for the state in achieving the Goals of Sustainable Development. In addition, the features of the work of the international organization of supreme audit institutions currently in the field of SDGs are highlighted. According to the definition of "SDG audit", discussions are considered and the author's definition is presented.

Keywords: Sustainable Development Goals, supreme audit Institutions, globalization, United Nations, INTOSAI

Жаһандану жағдайында әлемнің барлық мемлекеттерін бірігуге шақыратын «Тұрақты даму мақсаттары» Біріккен ұлттар ұйымы қабылдаған ауқымды ғаламдық жоба болып саналады. Ғаламшарымыздың қазіргі жағдайы мен болашағын алаңдатқан проблемаларды жою мен алдын-алуды қамтитын құжат 2015 жылы 25 қыркүйекте мақұлданған болатын. Үшжылдық кезеңде, яғни 2012 жылдан бастап арнайы жұмыс тобы тұрақты даму саласындағы 17 мақсатты анықтауға арналған ұсыныстарды берді. Осылайша, Біріккен ұлттар ұйымына мүше 193 мемлекет «Біздің әлемді өзгерту: 2030 жылға дейінгі Тұрақты даму саласындағы күн тәртібі» құжатын қабылдаған болатын.

ТДМ 2016 жылдың 1 қаңтарынан бастап өз күшіне енгізілді. Теңдесі жоқ халықаралық бағдарлама 17 мақсат пен 169 міндетті қамтиды және тұрақты дамудың үш негізгі аспектісін – экономикалық өсуді, әлеуметтік интеграцияны және қоршаған ортаны қорғауды қамтитын тарихи жаһандық күн тәртібі болып табылады. Құжат бұрын жалпы қабылданған даму парадигмасы салдарынан туындаған жаһандық проблемалар мен тәуекелдерді ескеретін, қазіргі заманғы экономиканы қалыптастыру мақсатында біздің әлемді адам мен табиғат мүддесі үшін қайта құруға негізделген.

Әлемнің 193 мемлекеті қабылдаған 17 жаһандық мақсаттар төмендегі кестеде көрсетілген:

1-кесте

Тұрақты даму мақсаттары мен олардың негізгі міндеті

	Мақсат	Міндеті
	Кедейлікті жою	Кедейліктің барлық түрлерін кеңінен жою
	Аштықты жою	Аштықты жою, азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету және тамақтануды жақсарту және ауыл шаруашылығының тұрақты дамуына жәрдемдесу
	Жақсы денсаулық және әл-ауқат	Салауатты өмір салтын қамтамасыз ету және кез-келген жастағы барлық адамдар үшін әл-ауқатқа ықпал ету
	Сапалы білім беру	Жан-жақты және әділ сапалы білім беруді қамтамасыз ету және барлық адамдар үшін өмір бойы оқу мүмкіндігін көтермелеу
	Гендерлік теңдік	Гендерлік теңдікті қамтамасыз ету және барлық әйелдер мен қыздардың құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейту
	Таза су және санитария	Су ресурстары мен санитарияның бар болуын және ұтымды пайдаланылуын қамтамасыз ету
	Қымбат емес және таза энергия	Барлық адамдар үшін арзан, сенімді, тұрақты және заманауи энергия көздеріне қолжетімділікті қамтамасыз ету
	Лайықты жұмыс және экономикалық өсу	Тұрақты, жан-жақты және тұрақты экономикалық өсуге, толық және Өнімді жұмыспен қамтуға және барлығына лайықты жұмыс істеуге жәрдемдесу
	Индустрияландыру, инновациялар, инфрақұрылым	Берік инфрақұрылым құру, барлығын қамтитын және тұрақты индустрияландыруды қамтамасыз етуге және инновацияларды енгізуге жәрдемдесу
0	Теңсіздікті қысқарту	Елдер ішіндегі және олардың арасындағы теңсіздік деңгейін төмендету
1	Тұрақты қалалар және елді-мекендер	Қалалар мен елді мекендердің ашықтығын, қауіпсіздігін, өмірге төзімділігін және тұрақтылығын қамтамасыз ету
2	Жауапты тұтыну және өндіріс	Тұтыну мен өндірістің ұтымды модельдерін қамтамасыз ету
3	Климаттың өзгеруімен күрес	Климаттың өзгеруіне және оның салдарына қарсы күрес жөнінде шұғыл шаралар қабылдау
4	Теңіз экожүйелерін сақтау	Тұрақты даму мүддесінде мұхиттарды, теңіздерді және теңіз ресурстарын сақтау және ұтымды пайдалану

5	Құрлық экожүйелерін сақтау	Құрлықтың экожүйелерін қорғау, қалпына келтіру және оларды ұтымды пайдалануға жәрдемдесу, ормандарды ұтымды басқару, шөлейттенуге қарсы күрес, жердің тозу процесін тоқтату және кері бұру және биологиялық әртүрлілікті жоғалту процесін тоқтату
6	Бейбітшілік, әділдік және тиімді институттар	Тұрақты даму мүддесінде бейбітшілік сүйгіш және ашық қоғамдарды құруға жәрдемдесу, барлығы үшін сот төрелігіне қол жеткізуді қамтамасыз ету және барлық деңгейлерде тиімді, есеп түберетін және көпшіліктің қатысуына негізделген мекемелер құру
7	Тұрақты даму үшін серіктестік	Орнықты дамуға қол жеткізу құралдарын нығайту және орнықты даму мүддесінде жаһандық әріптестік тетіктерінің жұмысын жандандыру
Ескерту - әдебиетке негізделіп, автормен құрастырылған [1]		

Көріп отырғанымыздай, сегізінші мақсаттың ғана тікелей экономикалық бағытта болғанымен, барлық мақсаттарға қол жеткізу экономиканың түрлі тетіктері арқылы жүзеге асатындағын ойда ұстаған жөн.

2030 жылға дейін іске асуы жоспарланған мемлекеттер тұрақты даму бойынша өз стратегияларын, жоспарларын және бағдарламаларын дербес әзірлеуге міндеттелген. Ал жалпы ТДМ елдерге өз жоспарларын өздерінің жаһандық міндеттемелеріне сәйкес келтіруге мүмкіндік бере отырып, бағдар рөлін атқаруға көмектеседі. Бағдарламады көзделген 169 міндетті шешудің атқарылуы Біріккен ұлттар ұйымының статистикалық комиссиясымен келісілетін жаһандық көрсеткіштер жиынтығының көмегімен бақыланатын және қадағаланатын болады.

Ал Қазақстанда Тұрақты даму мақсаттары бойынша есеп беруге арналған Ұлттық платформаны Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Дүниежүзілік банк арасындағы бірлескен экономикалық зерттеулер бағдарламасы шеңберінде Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитеті әзірлеген болатын. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2018 жылғы 13 қарашадағы бұйрығымен елімізде Тұрақты даму мақсаттары жөніндегі үйлестіру кеңесі құрылған болатын. Негізгі мақсаты – ТДМ іске асыру жөніндегі бірыңғай саясатты қалыптастыру бойынша ұсыныстарды қарау және әзірлеу. Қазіргі таңда қазақстандық ТДМ-на қол жеткізу мониторинг жүйесі бойынша жалпы саны 280 индикатордан тұрады, оның 205-і ғаламдық болса, ал 75-і ұлттық индикаторлар ретінде ұсынылған [2]. Бұл кеңес шеңберінде министрлер басқаратын төмендегі суретте берілген 5

Ведомствоаралық жұмыс тобы жұмыс істейді және барлық топтың жұмысын Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі үйлестіріп, «Экономикалық зерттеулер институты» АҚ Хатшылық функцияларын жүзеге асырады:



1-сурет. ТДМ-ның қазақстандық жұмыс топтары

Біріккен ұлттар ұйымы елдердің ТДМ жетудегі прогресіне ерекше мониторинг жүргізеді. БҰҰ тапсырмасы бойынша Кембридж жасаған арнайы рейтинг бар. 2021 жылғы дерек бойынша, Қазақстан ТДМ-ге қол жеткізу бойынша 2020 жылға қарағанда 6 орынға көтеріліп, 59 орынға тұрақтаған.

Жоғарғы аудит органдарының Тұрақты даму мақсаттарына қол жеткізу барысындағы қатысушы ретіндегі рөлі үлкен екендігі ИНТОСАИ-дың жұмыс құжаттарында көрсетіледі:

2-кесте

ТДМ-ге қол жеткізуге байланысты ЖАО-ның маңызы көрсетілген құжаттар

№	Құжаттың атауы	Қабылданған уақыты	Келтірілген дерек
1	«Тұрақты даму мүддесінде барлығын қамтитын және есеп беретін мемлекеттік қызметтердің	2015 жылғы 14 қыркүйек	14-тармақ: «...жоғары аудит органдарын нығайту арқылы тиімділікті, есеп берушілікті, нәтижелілікті және ашықтықты қамтамасыз ету жолымен, оның

2-кесте жалғасы


	жұмысын қамтамасыз етуге жәрдемдесу» БҰҰ-ның Бас Ассамблея-сының Резолюциясы		ішінде мән-жайларға орай мемлекеттік сектордағы есепке алу жүйелерін жетілдіру арқылы барлық деңгейлерде игілікті бас-қаруды дамытуға жәрдемдесу үшін ЖОА халықаралық ұйымымен олардың ынтымақ-тастығын жалғастыруды және жандандыруды ұсынады»
2	2017-2022жж. ИНТОСАИ стратегиялық жоспары	2016 жылғы желтоқсан	2-кешенді басымдық: Әрбір мемлекеттің тұрақты дамуға бағытталған нақты күш-жігері мен ЖАО-ның жеке мандаттары контекстінде ТДМ-ға қол жеткізуді бақылауға және талдауға жәрдемдесу.
3	Мәскеу декларациясы	2019 жылғы қыркүйек	«мемлекеттік аудитті дамытудың келешек бағыттары ЖАО пен ИНТОСАИ-дың берік міндеттемесіне байланысты ұлттық келісілген мақсаттарға, соның ішінде ТМД-ға қол жеткізуге тәуелсіз сыртқы бақылау-ды қамтамасыз ету болып табылады»
Ескерту - әдебиетке негізделіп, автормен құрастырылған [3,4,5]			

ЖАО-ның маңыздылығы өз құзыреттіліктері шеңберінде аудит нәтижелеріне сүйеніп Үкіметке ұсынымдар берумен айқындалады. Онымен қоса, ТДМ-ның негізгі көрсеткіштеріне қол жеткізуіне, оның ішінде мемлекеттік органдардың тиімді, ашық жұмыс атқаруына ықпалдасу болып саналады.

2016 жылы желтоқсанда Біріккен Араб Әмірліктерінде ИНТОСАИ-дің XXII конгресі шеңберінде өткен кездесуде жоғары аудит органдарының халықаралық қоғамдастығы Абу-Даби декларациясын қабылдаған болатын [6]. Дәл осы құжатта ТДМ бойынша бағдарламаның іске асуында тиімді мемлекеттік аудиттің, талдаудың және ИНТОСАИ органдары қабылдайтын басқа да шаралардың қажеттілігін атап көрсетеді. БҰҰ-ның «2030 жылға

дейінгі Тұрақты даму саласындағы күн тәртібі» бағдарламасын орындауға тиімді үлес қосу деген атаумен декларацияда арнайы бөлімше қарастырылған.

Конгресс ЖАО-ның аудиторлық тексерулер жүргізуге және ТДМ жүзеге асырылуын бақылауға қызығушылығын растап, ол үшін келесі төрт әдістемені пайдалануға ұсынады:



2-сурет. ТДМ-ның жүзеге асырылуына бақылау жүргізу әдістемелері

Ол бойынша ИНТОСАИ халықаралық мүдделі тараптарға ТДМ-мен байланысты аудит және есептілік проблемалары бойынша, ЖАО-ның жинақталған тәжірибесі мен жұмыс нәтижелерімен нығайтылған нәтижелер мен ақпаратты кезең-кезеңімен беретін болады. Жаһандық бағдарлама шеңберінде алғаш рет ИНТОСАИ Президентінің басшылығымен жұмыс істейтін, туындаған проблемалар бойынша байқау комитетіне есеп беретін сарапшылар тобы құрылып, ішкі және сыртқы сарапшылар кіретін бұл топ жалпы принциптердің дамуы мен қолданылуын бақылайтын болады.

Бұдан бөлек, ИНТОСАИ ТДМ-ның жүзеге асуына байланысты шаралардың белсенді мүшесі болуымен қатар, ЖАО-ның жұмысына ТДМ-ның мемлекеттік аудиті бойынша ықпалдасуына әсер етуде.

2020 жылдың басында ИНТОСАИ Тұрақты даму мақсаттарына қол жеткізуді бақылаудың жаңа үлгісін ұсынды. ТДМ аудиті моделінің пилоттық жобасы халықаралық стандарттары негізінде ТДМ іске асыруды жоғары сапалы аудиторлық тексерулерді жүргізуде ЖАО-ға бағытталған практикалық нұсқаулық болып табылады. Бұл модель шеңберінде ТДМ-ның мемлекеттік аудиті тиімділік аудиті тұрғысынан қарастырылады және 5 негізгі қағидатқа сүйенеді:

- 1) нәтижелерге назар аудару;

- 2) ЖАО әртүрлілігін тану;
- 3) ИССАИ-ға негізделген;
- 4) инклюзивтілік;
- 5) Тиімділікті арттыру.

Әдістемелік нұсқаулық 6-тараудан және 4-қосымшадан тұрады және қазіргі уақытта тек ағылшын, француз, араб және испан тілдерінде жарық көрген. Ұсынылған аудит нұсқаулығы бойынша күрделі нәтижелерге қол жеткізу үшін олардың, яғни процестердің өзара әрекеттесуіне назар аударады. Сонымен қатар, аудит процесінің әртүрлі кезеңдерінде ИССАИ талаптарын сақтау бойынша ұсынымдар береді.

Қорытындылайтын болсақ, бұл шаралардың өзін ТДМ-ның 17-мақсаты «Тұрақты даму үшін серіктестік» іске асуының бірден-бір көрінісі деп бағалауға болады. ИНТОСАИ-дың бас хатшылығы 2020 жылғы 13 ақпанда Венада ТДМ шеңберінде жүргізілетін аудиторлық тексерулердің әсерін талдау сияқты ТДМ іске асыру процесіне байланысты болашақтағы негізгі проблемаларды талқылаумен қатар, «ТДМ-ның аудиті» анықтамасы бойынша талқылаулар жүргізілген. Дегенмен, бұл бойынша ЖАО шеңберінде әлі нақты анықтама қалыптаспаған. Сондықтан, біз өз тарапымыздан келесі анықтаманы ұсынамыз: «ТДМ-ның мемлекеттік аудиті - БҰҰ Даму бағдарламасының (БҰҰДБ) мақсаттарына тиімді қол жеткізілу мәселелерін талдау және бақылау».

2030 жылға қарай орындалуы жоспарланған жаһандық бағдарламаның әртараптығы экономиканың барлық салаларын біріктіреді. Ал бағдарламада ұсынылған міндеттерге қол жеткізуде мемлекеттік аудиттің тиімділік, үнемділік, нәтижелілік секілді негізгі көрсеткіштері ескерілетіндігі анық. Осы себептен, ТДМ-ның аудиті барысындағы Жоғарғы аудит органдарының ықпалының, өзара серіктестігі мен аудит жүргізудегі басшылыққа алынатын стандарттарды енгізуінің маңыздылығын көре аламыз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. «Біздің әлемді өзгерту: 2030 жылға дейінгі Тұрақты даму саласындағы күн тәртібі» құжаты - <https://www.un.org/sustainabledevelopment/ru/sustainable-development-goals/>
2. Қазақстан Республикасындағы тұрақты даму мақсаттары - <https://egov.kz/cms/kk/zur>
3. «Тұрақты даму мүддесінде барлығын қамтитын және есеп беретін мемлекеттік қызметтердің жұмысын қамтамасыз етуге жәрдемдесу» БҰҰ Бас Ассамблеясының 2015 жылғы Резолюциясы - https://www.intosai.org/fileadmin/downloads/documents/open_access/intosai_and_united_nations/69_327_2015/RU_un_resol_69_327.pdf

4. 2017-2022 жылдарға арналған ИНТОСАИ стратегиялық жоспары - https://www.intosai.org/fileadmin/downloads/documents/open_access/about_intosai/strategic_plan/RU_strat_plan_17_22.pdf

5. 2019 жылғы XXIII ИНТОСАИ конгресі. Мәскеу декларациясы - [https://intosairussia.org/images/docs/moscowdeclaration/Moscow-declaration\(RU\).pdf](https://intosairussia.org/images/docs/moscowdeclaration/Moscow-declaration(RU).pdf)

6. 2016 жылғы XXII ИНТОСАИ конгресі. Абу-Даби Декларациясы - https://www.eurosai.org/handle404?exporturi=/export/sites/eurosai/.content/documents/conferences/Abu-Dhabi-Declaration_RU.pdf

7. ТДМ аудит моделінің (ISAM) пилоттық нұсқасы - <https://www.idi.no/elibrary/relevant-sais/auditing-sustainable-development-goals-programme/isam/1089-isam-idi-s-sdg-audit-model/file>

ӘОЖ 657.6

МЕМЛЕКЕТТІК ЭКОЛОГИЯЛЫҚ АУДИТ ТҮСІНІГІ МЕН ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Алибекова Б.А.

«Мемлекеттік аудит» кафедрасының профессор м.а., э.ғ.к., доцент
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан қаласы,
Қазақстан Республикасы
E-mail: alibekova_ba@enu.kz

Ақмұрат Ж.Б., Сұлтан Н.А.

«Мемлекеттік аудит» БББ 4 курс студенттері, Л.Н.Гумилев атындағы
Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан қаласы,
Қазақстан Республикасы

Аңдатпа. Еліміздің қаржылық бақылау жүйесін трансформациялау негізінде құрылған Қазақстан Республикасының мемлекеттік аудит жүйесі бақылау органдарының құзыреттіліктеріне мүлдем жаңа функциялар енгізуде. Сондықтан мемлекеттік аудит органдарының инновациялық бағыттарын зерделеу аса маңызды болып табылады. Мақалада республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің және тексеру комиссияларының жаңа функциясы болып табылатын қоршаған ортаны қорғаудың мемлекеттік аудиті, басқаша айтқанда, мемлекеттік экологиялық аудиттің теориялық аспектілері қарастырылған. Шетелдік және отандық ғылыми әдебиеттер, құқықтық актілер компоративті зерделене келе мемлекеттік экологиялық аудит түсінігіне авторлық сипаттама берілген және оның тек ведомстводан тыс сипатта жүргізілетіндігі, жаһандық, халықаралық, аумақтық деңгейлерде ұйымдастырылатындығы, тексерудің келісілген түрлерін қолданатындығы, мемлекеттік аудиттің барлық типін қамтитындығы сияқты ерекшеліктері негізделіп, анықталған.